



Жаратылыстану-математика бағыты
«Агрономия негіздері» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін
көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірінғай
тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бітірушілерінің жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В077 – Өсімдік шаруашылығы

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Егіншіліктің аймақтық ерекшеліктері	01	Ботаника өсімдіктер физиологиясы негіздерімен	Өсімдіктердің тіршіліктегі маңызын, морфологиялық құрылысын зерттеу; Ауылшаруашылық дақылдарына қоршаған орта факторларының әсерін анықтау; Егіншілік заңдылықтарының топырақ құнарлылығын арттырудағы маңызын зерттеу;
		02	Арамшөптер классификациясы және олармен күресу шаралары	Арамшөптердің түрлерін анықтау; Арамшөптерге қарсы күресу, әдістерін меңгеру; Карантинді арамшөптермен күресу жолдарын анықтау;
		03	Ауыспалы егістер	Ауыспалы егістің ауыл шаруашылығындағы маңызын зерттеу; Егістік дақылдарды алмастырып себудің себептерін анықтау; Ауыспалы егіс схемаларын құрастыруды меңгеру;
		04	Тұқым шаруашылығы	Тұқымдық материалдармен танысу; Тұқымдық материалдарды шығару әдістерін талдау; Тұқымның сапалық көрсеткіштерін анықтау;
02	Топырақ және	05	Топырақ түрлері	Топырақтың пайда болу себептерін

	оның қасиеттері		және оның құнарлылығы	білу; Топырақ типтерін анықтау; Топырақтың құнарлылығын арттыру жолдарын меңгеру;
		06	Топырақтың құрамы мен қасиеттері	Топырақтың құрамын зерттеу; Топырақтың қасиеттерін анықтау маңыздылығы;
03	Топырақты өңдеу	07	Топырақты өңдеу және оның әдістері	Топырақты өңдеуді зерттеу; Топырақты өңдеудің негізгі әдістерімен таныстыру;
		08	Топырақты өңдеу кезінде жүргізілетін технологиялық процестер	Топырақты өңдеудің негізгі технологиялық процестерін ұйымдастыру; Топырақ өңдейтін ауылшаруашылық машиналарының түрлерін қолдануды игеру;
		09	Топырақтың мелиорациясы	Мелиорация түрлерімен таныстыру; Топырақ эрозиясымен күресу жолдарын зерттеу;
04	Тыңайтқыштар және оларды егіншілікте пайдалану	10	Тыңайтқыштардың түрлері	Органикалық тыңайтқыштардың негізгі түрлерін анықтау; Минералды тыңайтқыштардың түрлерімен таныстыру; Микроэлементтерді зерттеу;
		11	Тыңайтқыштарды қолдану мерзімі, саны	Тыңайтқыштарды қолдану мерзімін анықтау; Тыңайтқыштарды қолдану нормаларын есептеу;
05	Егістік дақылдарды өсіру	12	Егістік дақылдардың жіктелуі және олардың биологиялық ерекшеліктері	Егістік дақылдарының жіктелуін білу; Егістік дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін анықтау;
		13	Дәнді дақылдар	Дәнді дақылдардың морфологиялық құрылысын, биологиялық ерекшеліктерін анықтау; Дәнді дақылдарды өсіру технологиясын меңгеру; Дәнді дақылдардың сорттарын анықтау;
		14	Дәнді бұршақ дақылдар	Дәнді бұршақ дақылдардың топтастыруын білу; Дәнді бұршақ дақылдарды өсіру технологиясын меңгеру; Дәнді бұршақ дақылдарының негізгі түрлерінің сорттарын анықтау;
		15	Тамыр және түйнек жемісті дақылдар	Тамыр жемісті дақылдардың түрлерімен танысу; Түйнек жемісті дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін анықтау; Тамыр жемісті және түйнек жемісті дақылдарды өсіру технологиясын меңгеру;

		16	Майлы дақылдар	Майлы дақылдардың негізгі түрлерімен танысу; Майлы дақылдарды өсіру технологиясын меңгеру;
		17	Иіру дақылдары	Иіру дақылдардың негізгі түрлерімен танысу; Иіру дақылдарды өсіру технологиясын меңгеру;
		18	Көп жылдық және бір жылдық жемшөп дақылдары	Көп жылдық, бір жылдық жемшөп дақылдарының жіктелуін білу; Мал азық бірлігін есептеу; Жемшөп дақылдарын өсіру технологиясын меңгеру;
		19	Дала дақылдарының аурулары мен зиянкестері және олармен күресу	Дала дақылдарының ауруларының шығу себептерін анықтау; Дала дақылдарының зиянкестерін анықтау; Өсімдік аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу жолдарын меңгеру;
06	Көкөніс және бақша дақылдарын өсіру	20	Көкөніс дақылдарының жіктелуі және олардың биологиялық ерекшеліктері	Көкөніс дақылдарының жіктелуін анықтау; Көкөніс дақылдарының биологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
		21	Көкөніс дақылдарының көбеюі	Көкөніс дақылдарын өсіру тәсілдерін зерттеу;
		22	Ашық және жабық алаңда көкөніс дақылдарын өсіру	Жылыжайларда көкөніс өсіру технологиясын меңгеру; Ашық егістіктерде көкөніс өсіру технологиясын меңгеру;
		23	Бақша дақылдары	Бақша дақылдарының негізгі түрлерін анықтау; Бақша дақылдарын өсіру технологиясын меңгеру;
		24	Көкөніс және бақша дақылдарының зиянды ағзалары және олармен күресу шаралары	Көкөніс ауруларының шығу себептерін анықтау; Аурулар мен зиянкестерге қарсы күресу жолдарын анықтау;
07	Жеміс-жидек және жүзім дақылдарын өсіру	25	Жеміс-жидек дақылдарының биологиялық ерекшеліктері мен морфологиялық белгілері	Жеміс-жидек дақылдарының морфологиялық құрылысын анықтау; Жеміс-жидек дақылдарының биологиялық ерекшеліктерін үйрену;
		26	Жеміс-жидек	Жеміс-жидектердің көбею әдістерін

		дақылдарының көшеттерін дайындау	меңгеру; Көшеттік материалдарды дайындау әдістерін меңгеру;
	27	Жеміс ағаштарын өсіру технологиясы	Жеміс ағаштарын өсіру технологиясын қолдануды меңгеру;
	28	Жидек дақылдарын өсіру технологиясы	Жидектерді өсіру технологиясын қолдануды меңгеру;
	29	Жеміс-жидек дақылдарының зиянкестері, аурулары және олармен күресу шаралары	Жеміс-жидек дақылдарының ауруын анықтау түрлерін табу; Жеміс-жидектердің негізгі зиянкестерімен танысу; Жеміс-жидектердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу шараларын қолдану.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Агрономия негіздері» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген

оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері»

1. Қ. Ш. Жаңабаев, С. Арыстанғұлов. Агрономия негіздері. Астана, «Фолиант», 2010ж.
2. М.М. Жанзақов, К.А. Мырзабек Агрономия негіздері. Қызылорда «Тұмар», 2007 ж.
3. Ж.Ж.Жетпісбай, Р.С.Бекжан. Жеміс-жидек дақылдарын өсіру технологиясы. Астана. «Фолиант», 2009ж.
4. К.Д. Аяпов, О.А. Үкібасов, М.Д. Есеналиева. Жеміс, көкөніс шаруашылығы. Астана. «Фолиант», 2009ж.
5. Р.Е. Елешов, А.С. Сапаров, Ә.М. Балғабаев, Е.А. Туктугулов. Агрохимия және тыңайтқыш қолдану. Алматы. «Агроуниверситет», 2010ж.
6. Н.Ж. Ашықбаев, Б.Ә. Дүйсембеков, А.А. Ағыбаев, Р.Д. Карбозова. Өсімдік қорғау. Астана. «Фолиант», 2011ж.
7. Н.Г.Щепетков, М.А. Ысқақов. Жеміс-көкөніс шаруашылығы. Алматы. ЖШС РПБК «Дәуір», 2011ж. 536 б.
8. Н.Ж. Ашықбаев, У.Ш. Есіркепов. Өсімдік қорғау. Астана «Фолиант», 2010ж. 254 б.

«КЕЛІСІЛДІ»

**Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы**

 **Алибеков Н.Ж.**

(қолы)

(Т.А.Ә)

« » 202 ж.









